

**«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Тереңсай а.

31.08.2023ж

Қамқоршылық кеңес төрайымы - Абишева Ж.К.
Қамқоршылық кеңес мүшелері - 6
Мектеп директоры –Кобиланов Р.Ж.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы /мектеп директоры/

1-ші мәселе бойынша тыңдалды мектеп директоры Р.Ж.Кобиланов:

- Қайырлы күн құрметті кеңес мүшелері! 2023 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңының «Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау» 59-бабы негізінде мектеп мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. Мемлекеттік аттестаттау алдында өзін-өзі бағалау жүргізуі тиіс. Сол себепті 2023 жылдың 1-30 маусым аралығында 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау рәсімі жүргізілді. Бағаланатын кезең бойынша оқу-әдістемелік, оқу – материалдық активтер бойынша құжаттар, электронды журнал комиссия мүшелерімен толығымен қаралды. Өзін-өзі бағалау әдістемелік ұсынымдар бойынша жүргізілді. Анықталған кемшіліктер ұжымға таныстырылды. Қатемен жұмыс, оның алдын алу бойынша іс-шаралар уақытылы жүргізілетін болады. Жіберілген кемшіліктердің алдағы уақытта болмауы қатаң бақылауда болады. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша мектептің өзін-өзі бағалауы 54 (елу төрт) балл – «Жақсы», ал мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие қызметі бойынша 33 (отыз үш) балл – «Жақсартуды қажет етеді» деп бағаланды.

Өзін-өзі бағалау қорытындысы толық таныстырылды.









Тыңдалды қамқоршылық кеңесінің төрайымы Абишева Ж.К.:

- Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша жинаған ұпай төмен емес, дегенмен де қорытынды бағаның жақсы болуына біздің де қосар үлесіміз болу керек. Қолымыздан келгенше демеушілер арқылы қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстануға шақырамын.

Қамқоршылық кеңес шешім етті :

1. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау қорытындылары есепке алынсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы
Хатшы
Қамқоршылық кеңес мүшелері:

	Абишева Ж.К.
	Жангабулова Т.С.
	Бурхин Е.А.
	Танбаева С.Ж.
	Куандыкова Р.М.
	Примжарова Т.К.
	Искакова Г.У.
	Турганов Н.Б.